

Прокурорлық қадағалаудан есептер

1-ші есеп

Н. ауданының әкімі, сол ауданның прокурорынан өткен жылдың қызметі туралы есеп беруді талап етті.

Әкімнің талабы құқылы ма?

Бұл жағдайда аудандық прокурор не істеуі қажет?

2-ші есеп

Аудандық прокурор «Нельс» атты аудиторлық компанияға кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғаның қаржы-шаруашылық қызметін тексеру мақсатында аудиторды бөлуді сұрады. Алайда аудиторлық компания прокурордың талабын орындаудан, компанияның жеке меншікті екенін дәйек етіп бастартты.

Компанияның іс-әрекеті құқылы ма?

Бұл жағдайда аудандық прокурор не істеу қажет?

3-ші есеп

Н. аудандық прокурордың көмекшісі жалпы қадағалау тәртібімен жүзеге асырған тексеру барысында, «Арман» атты ЖШС-ң басшылығына шаруашылықты қалай басқару керек екенін және шығарып жатқан өнімді реттеу жөнінде нұсқаулар берді.

Прокурордың нұсқаулары заңды ма?

Жалпы қадағалаудың шегі дегеніміз не?

4-ші есеп

«Асу» атты кәсіпорынның директоры аудандық прокурордың көмекшісіне, өзінің кәсіпорнында прокурорлық тексеруді жүзеге асыруға мүмкіншілік берген жоқ. Мұндай іс-әрекетін, директор тексеруге негіз болатын ешқандай арыз, шағымның болмағандығымен түсіндірді.

Директордың іс-әрекеті заңға сай ма?

Прокурор, өз бастамасымен тексеруді жүзеге асыруға құқылы ма?

5-ші есеп

Аудандық прокурордың көмекшісі «Дархан» атты фирманың аумағына өзінің заңды қызметін жүзеге асыру үшін кірмекші болды. Бірақ фирманың президенті күзетшілерге прокурорды фирмаға кіргізбеуге бұйрық берді. Өзінің бұл әрекетін ол фирманың ғимараты және аумағы жеке меншік екендігімен түсіндірді.

Фирма президентінің іс-әрекеті заңды ма?

Өзінің қызмет бабымен прокурор жеке меншікті аумаққа кіруге құқылы ма?

6-ші есеп

ҰОС ардагерлеріне жеңілдікті жою мақсатында шығарылған Н. атаулы қала маслихатының қаулысына сол қаланың прокуроры наразылық ендірі. Алайда маслихат ол наразылықты қарамай тастады. Өзінің бұл әрекетін маслихат жеңілдікті жою туралы қаулы жергілікті өкілетті орган, ұжымдық негізде қабылдады-деп түсіндірді.

Маслихаттың прокурордың наразылығын қарамай қалдырғаны заңды ма?

Бұл жағдайда прокурор не істеу қажет?

7-ші есеп

Полиция қызметкерлері, прокурордың орынбасары өзін таныстырып, қызметтік күәлігін көрсеткеніне қарамастан, АІБ-ның кезекші бөліміне күштеп жеткізді.

Полиция қызметкерлерінің іс-әрекеттері заңды ма?

Олар құқықтық жауаптылыққа тартылуы тиіс пе?

8-ші есеп

Прокуратура қызметкері өзінің жеке көлік құралымен жол апатын жасады.

Прокурордың қатысуымен болған құқық бұзушылықты тексеру тәртібі қандай?

9-ші есеп

Бостандық ауданның прокуратурасында сынақтан өтуші А. облыстық прокуратураның нұсқауларын орындаудан бас тартты. Бұл әрекетін ол, жұмысының көп екендігімен және нұсқауда қойылған талаптардың оның міндетінің шеңберіне кірмейтіндігімен түсіндірді.

Оның әрекеті заңды ма?

Прокуратура жүйесінің орталықтандырылуын қандай факторлар айқындайды?

10-ші есеп

Аудандық прокурор соттың заңды күшіне енген үкіміне қадағалау тәртібімен наразылық енгізді.

Бұл наразылық заңды ма?

Қадағалау тәртібімен наразылықты енгізу тәртібі қандай?

11-ші есеп

«Арт» атты ортақ компанияның басшысы заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұйғарымды орындаудан бас тартты. Компанияның басшысы бұл әрекетін компанияның құрылтайшысының шет елдік екенін, ал мұндай жағдайда Қазақстан заңдарының күші «Арт» компаниясына жүрмейтіндігін дәйек еткен.

Компания басшысының ұйғарымды орындаудан бас тартуы заңға сәйкес пе?

Бұл жағдайда прокурордың әрекеті қандай болуы керек?

12-ші есеп

Іс бойынша сотталушы мемлекеттік айыптауды жүзеге асыру үшін келген аудандық прокурордың көмекшісіне сенімсіздікті танытып одан бас тартты. Бұл әрекетін сотталушы прокурордың аталған іс бойынша алдын-ала тергеуді қадағалағандығымен түсіндірді.

Сотталушының прокурордан осылай бас тартуы заңды ма?

Бұл жағдайда соттың әрекеті қалай болуы тиіс?

13-ші есеп

Н. ауданның прокуроры тергеушінің тергеу мерзімін 4 айға созылуға өтінішін қанағаттандырды.

Прокурордың шешімі құқылы ма?

Прокурордың тергеу мерзімін созу тәртібі қандай?

14-ші есеп

Екінші топтағы мүгедек Н-атты азамат аудандық прокурорға өзінің еңбекке қабілетті бар, кәмелет жасқа толған баласынан өзі үшін алиментті өндіріп алуға бағытталған талап-арызбенен сотқа жүгінуді өтініш етті.

Н-атты азаматтың прокурорға жүгінгені заңды ма?

Бұл жағдайдағы прокурордың іс-әрекеті?

15-ші есеп

Прокурорлық тексеру барысында «Ақар» атты жанармай құю бекетінің аумағы тез жанатын қоқсқа тола екендігі анықталды. Бұл жағдайдың өрт қауіпсіздігіне әкелуі» әбден мүмкін.

Прокурорлық қадағалаудың қандай актісі шығарылуы керек?

16-ші есеп

Нан пісіру зауытының директоры заңдылықтың бұзылуына себеп болған мән-жайларды жою туралы прокурордың ұйғарымын орындаудан бас тартты.

Директордың әрекетсіздігі құқылы ма?

Аудандық прокурор не істеу керек?

17-ші есеп

Қылмыстық іс бойынша шығарылған үкімнің заңдылығын тексеру барысында аудандық прокурор қадағалау тәртібімен наразылық енгізуге негіз тапты.

Аудандық прокурор не істеуі керек?

Осы жағдайда қадағалау тәртібімен наразылық қалай ендіріледі?

18-ші есеп

Аудандық прокурор қылмыстық істі тексеру барысында осы іс бойынша ҚР ҚДЖК-нің бірнеше талаптарының бұзылғандығын байқады. Атап айтқанда, аса ауыр қылмыс жасады деп айыпталаған адам қорғаушымен қамтамасыз етілмеген және оқиға болған орнынан жиналған дәйекті заттар бойынша тиісті сараптамалар өткізілмеген.

Бұл жағдайда прокурорлық қадағалаудың қандай актісі қолданылуы тиіс?

19-ші есеп

Прокурор, АПБ-ның уақытша ұстау абақтысын тексеру барысында С. атты жедел өкілетшісінің Н. атты азаматты заңсыз ұстап жатқан фактісін анықтады.

Прокурор не істеуі керек?

20-ші есеп

Іс бойынша айыпталушыны қамауға алу санкциясын беру туралы өтінішімен аудандық прокурорға С. атты АПБ тергеушісі жүгінді.

Бұл жағдайда прокурордың іс-әрекеті?

21-ші есеп

Жиналған материалдардан аудандық прокурор әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатын байқап әкімшілік өндірісті қозғады.

Прокурордың шешімі құқылы ма?

Прокурор бұл шешімді өз бетімен шығаруы дұрыс па, жоқ әлде материалдарды шешім қабылдау үшін басқа құзырлы органға жіберу тиіс пе?

22-ші есеп

Аудандық прокурорға К. атты азамат өтінішпен жүгінді. Өз өтінішінде ол көлік құралын айдау құқығынан 1 жылға айыру жөніндегі әкімшілік соттың қаулысына наразылық білдіруді сұрады. Сонымен қоса ол өтінішінде өзін от басының жалғыз асыраушысы (от басы құрамында: жұбайы, кәмелетке толмаған екі баласы бар), тек көлігімен тасымалдау арқылы күн көретінін анықтаған

Әкімшілік соттың қаулысына наразылық ендіруге прокурордың құқығы бар ма?

Наразылықты ендірудің тәртібі қандай?

23-ші есеп

Ет комбинатының қызметінде заңдылықтың бұзылуына себеп болған мән-жайларды жоюды талап еткен прокурордың нұсқауын осы комбинаттың басшысы орындаудан бас тартты. Нұсқауды орындау керек екендігі туралы прокурордың бірнеше ескертулеріне мән берген жоқ.

Бұл жағдайдағы прокурордың іс-әрекеті?

Аталған прокурордың актісін мәжбүрлі түрде орындату заңнамамен көзделген бе?

24-ші есеп

Қылмыстық істі қозғаған тергеуші прокурорға келіп, қылмыстық істі қозғау туралы қаулының көшірмесін және қылмысты есепке қою туралы статкартаны тапсырды.

Прокурор не істеу керек?

Прокурор қандай өндіріс қозғайды?

25-ші есеп

Айыпталушының кінәлігінің дәлелдемелері жеткіліксіз және алдын-ала тергеудің кемшіліктері көп екендігін байқаған аудандық прокурордың көмекшісі, мемлекеттік айыпты қолдаудан бас тартты.

Бұл жағдайда мемлекеттік айыптан бас тартуға құқығы бар ма? Жоқ әлде ол бұл шешімді жоғары тұрған прокурордың рұқсатымен қабылдауы керек пе?

Айыптаудан бас тартудың тәртібі қандай?

26-ші есеп

Қылмыстық іс материалдарын тексеру барысында, прокурор сол іс бойынша тергеушінің әрекеттерінде ҚР ҚДЖК бірнеше талаптарының бұзылғандығын байқады. Атап айтқанда, іс тергелуі негізсіз созбаландыққа салынған, айыпталушымен оның қорғаушысынан істің тергелуі бір жақты болып жатқандығы туралы көптеген шағымдары түскен.

Бұл жағдайда прокурор істі басқа тергеушінің өндірісіне беруге құқылы ма?

Заң бұзушылыққа жол берген тергеушінің жауаптылыққа тартылу мәселесі қалай шешілу керек?

27-ші есеп

Бас прокурордың орынбасары қадағалау тәртібімен облыстық соттың заңды күшіне енген үкіміне наразылықты ендірді.

Бас прокурор орынбасарының әрекеті құқылы ма?

Осындай жағдайларда прокурорлардың қайсысы наразылықты ендіруге құқылы?

28-ші есеп

Прокурор қылмыстық іс бойынша айыпталушыны қамауға алу туралы санкцияны беру жөніндегі тергеушінің өтінішін қанағаттандырмай, аталған іс бойынша ұсталған азаматты босатып жіберді.

Прокурордың әрекеті құқылы ма?

Прокурордың бұл әрекетін тергеуші шағымдауға құқылы ма?

29-ші есеп

Қылмыстық жазаны атқару мекемесін тексеру барысында, арнайы прокурор сотталған бір азаматтың карцерге негізсіз қамалғанын анықтады. Сонымен қоса арнайы прокурор кейбір сотталғандарға жақын-туысқандармен кездесуге негізсіз тиім салынған фактілерін анықтаған.

Арнайы прокурордың әрекеті қандай болуы керек?

Аталған жағдайда прокурордың қандай қадағалау актісі шығарылуы тиіс?

30-ші есеп

Әділет органдарының қылмыстық атқару инспекциясының қызметін тексеру барысында аудандық прокурор бірқатар заң бұзушылықты анықтады. Атап айтқанда, шартты түрде сотталғандардың есебі жүргізілмеген, сотталғандар айыппұлды төлеуден негізсіз бас тартып жүр т.б. бұзушылықтар.

Бұл жағдайда прокурордың әрекеті қандай болуы керек?

Аталған жағдайда прокурордың қандай қадағалау актісі шығарылуы тиіс?

